

## **Қызылжар ЖОББМ бойынша 2024-2025 оку жылына тәрбие есебі**

Қазақстан Республикасы Оқу – агарту министрлігі 2023-2025 жылдар аралығында білім беру үйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын енгізіп отыр.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» - ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл бағдарламада білім беру үйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Еңбеккор, адаптация, саналы, жасампаз үрпақ тәрбиелеу – баршамыздың міндетіміз.

Мектебімізде сол себепті педагогтарға, ата-аналарға, синып жетекшілерге бағдарламаның мақсат міндеттері таныстырылды. Мектебімізде 20 синып жетекші біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде құндылықтарды қалыптастырудагы күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды.

### **Күнделікті**

«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы »

«Өнегелі 15 минут»

«Үнемді тұтыну »

«Күй күмбірі »

### **Анта сайын**

«Менің Қазақстаным »

Аптаның дәйексөздері

«Қауіпсіздік сабабы »

### **Жобалар**

Балалар кітапханасы

Қамкор

Еңбегі адаптация өрен

Шабыт

Ұшқыр ой алаңы

Smart bala

Осы жобалар бойынша жоспары құрылып іс-шаралар үйымдастыруда, айтап айтсақ «Күзгі асар » тақырыбында ата-аналармен және білім алушылармен жәрменкесе өткізілді..

Қызылжар ЖОББ мектебінде «Даналық мектебі» Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы ашылды, «Аналар» және «Әкелер» мектебінің мүшелері белсene қатысып тұрады. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығында әр синып тақырыптық сабактар, кеңестер өткізілді. Ата-аналар мен жалпы жиналыс барысында тренингтер өткізілді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында мектебімізде 6 жоба бойынша жұмыс жоспарлары құрылып, іс-шаралар өткізілуде. Халық қаһарманы Рақымжан Кошқарбаевтың туган күні қарсаңында «Р.Қ. Кошқарбаев .Рейсхтагқа тігілген ту» Такырыбында синып сағаты өткізілді.

«Оқуга құштар мектеп» жобасы аясында мәнерлеп оқу күні өткізілді. Құқықбұзуышылықтың алдын алу мақсатында қамқошылық кенес мүшелері және мектеп мұғалімдерімен участекелік инспектормен рейд жүргізілде. «Дебат» Ұшқыр ой алаңының жетекшісі ай сайын жоспарға сай тақырыптық дебат жүргізіп отырады.

«Еңбегі адап жас өрен» жобасы аясында «Күзгі асар »жәрменкесі өткізілді. «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында мектебімізде жетістіктермен толығуда. Атап айтсақ аудандық деңгейде және облыстық деңгейде оқушыларымыз құрамамен «Асық ату», «Бес тас», «Шынга өрмелеву» сайыстарында топ жарып, жүлдегер атанып жүр. Қыркүйек айында қыздар арасында аймақтық турнир өтті.

«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы »мектебімізде көңілді үзілісті тиімді пайдалану барысында «Аркан тартыс» «Шахмат» әдіс-тәсілдері арқылы ойындар өткізілді.

«Біртұтас тәрбие » бағдарламасы аясында «Төрт тоқсан –төрт өнер »ұлттық мәдени –ағартушылық жобасына сәйкес «Домбырам –асыл мұрам »тақырыбында сынып сағаты өткізілді

«Біртұтас тәрбие »бағдарламасы аясында «Балалар кітапханасы»жобасы аясында «Ертегілер еліне саяхат »жасады. «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Сүйікті кітаптар бойынша суреттер» сәндік колданбалы өнер туындылардың көрмесі

«Біртұтас тәрбие »бағдарламасы аясында «Қамқор»жобасын жүзеге асыру мақсатында жогары сынып оқушылары «Қоғамға қызмет ету »еріктілер шарасына белсенді қатысты.

«Біртұтас тәрбие »бағдарламасы аясында 25 казан Республика күніне арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес 5-6 сынып оқушылары

«Мен елімнің ертеңімін »тақырыбында эссе жазып,сынып сағаттары,кітап көрмесі және меркелік іс-шара өткізілді.

«Біртұтас тәрбие »бағдарламасы аясында ҚР 16 желтоқсан тәуелсіздік күніне орай мектепішілік жоспар құрылышып әр түрлі іс-шаралар өткізілді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Шабыт» жобасының мектепшілік жоспары негізінде мектеп театрының мүшелері И.А.Крыловтың «Тырна мен тулкі» мысалының желісіне қойылым қойды

«Біртұтас тәрбие »бағдарламасы аясында коңыраудың орнына «Күй күмбірі»енгізілді.Әр аптаның дүйсенбі күні ҚР.мемлекеттің гимн орындалды.

«Біртұтас тәрбие »бағдарламасы аясында «Өнегелі 15 минут»ата-аналардың мектеп кабыргасында баласымен мінез-құлық пен адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әнгімелесуіне жағдай жасалған.

«Біртұтас тәрбие »бағдарламасы аясында ауданда сынып жетекшілер байқауы қтті.Сол байқауга 9 «А» сынып жетекшісі Пайызова Г.С.,катысып алғыс хатпен марапатталды. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Қамқор» жобасының

мектепшілік жоспары негізінде мектеп еріктілер тобының мүшелері зейнеткердің қардан тазартты. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Ұшқыр ой аланы» жобасының жоспарына сәйкес «Пластик пакеттерді қолдануды шектеу» тақырыбында зияткерлік ойын өткізілді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында "Startup" байқауы "SMART BALA" жобасы аясында "Жасанды интеллект" тақырыбында сынып сағаты өткізілді. «Біртұтас тәрбие »бағдарламасы аясында мектеп парламент, «Жасұлан ұйымы» жұмыс жасауда.Мектеп парламентті әр түрлі іс-шаралар ұйымдастырып, белсенділік танытты.

«Біртұтас тәрбие » бағдарламасы аясында Заң және тәртіп айы бойынша «Мамандықтар марафоны » «Біз – сыйбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» Қауіпсіздік сабагы (10 минут) «Ұшқыр ой аланы »зияткерлік ойыны тақырыптарында әр түрлі іс-шаралар өткізілді. «Заң және тәртіп » құндылығына арналған сынып сағаттары мен Қауіпсіздік сабактары өткізілді. «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам » байқауы «SMART BALA» жобасы бойынша мектепшілік байқау өткізіліп женімпаздарды мадақтамалармен мадақталды. Жасөспірімдер арасында келенсіз оқиғалардың алдын алу бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Окушылар арасында зорлығы-зомбылықтың алдын-алу бойынша бірынгай сабактар өткізілді.

Жасампаздық және жаңашылдық айы «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» Қауіпсіздік сабак 10 минут тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. «Буллингтен корған!» тақырыбында 1-11 сыныптар сынып сағаты өткізілді. «Шын жүрекten кітап сыйла !» «Балалар кітапханасы »жобасы бойынша челленджіне мектебіміздің окушылары қатысты. «Қауіпсіз қогам » тақырыбында 1-11 сыныптарда сынып сағаты өткізілді. Кеңес әскерінің ауган жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай іс-шаралар мектебімізде ауқымды түрде өткізілді. «Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік » тақырыбында 5-11 сыныптар арасында сынып сағаты мен дөңгелек үстел өткізілді.

Тәуелсіздік және отаншылдық айы «Алғыс – ізгі ниет » тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Алғыс айту күніне орай мектеп парламент арасында «Шын жүрекten » челленджіне қатысты. «Ананың аялы алақаны » тақырыбында Шабыт жобасы челленджіне окушылар қатысты. Шабыт жобасы бойынша «Ұлттық мәдениет » көрмесі ұйымдастырылды. «Тәуелсіздік және отаншылдық » құндылығына сәйкес сынып сағаты мен Қауіпсіздік сабагы өткізілді. Наурыз тұжырымдамасына негізінде Наурыздың он күндік жоспарына сәйкес іс-шаралар өткізілді. Мектебімізде «Наурыз – жыл басы » тақырыбында мерекелік іс-шара өтті.Мектебіміздің окушылары мен мұгалімдер,ата-аналар белсене қатысты. «Күй күмбірі »домбырашылар челленджіне мектебіміздің окушылары қатысты. «Жер сағаты »экологиялық акциясы аясында Еңбегі адаптацияның жобасы аясында акция ұйымдастырылды. Мектепшілік «Жасөспірімдердің арасындағы келенсіз оқиғалардың алдын-алу »бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі

орынбасарлары іс-шаралар өткізді. Мектеп психологтары «Зорлық – зомбылықтың алдын алу» тақырыбында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Мектеп медбикесі қыз балалармен «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Еңбеккорлық және кәсіби біліктілік айы «Біз таңдаған кітаптар» тақырыбында сынып сағаттары өтті. 12 сәуір ғарышкерлер күніне орай «Гарышқа саяхат» тақырыбында сурет байқауы өтті. Байқау женімпаздары дипломдармен мараппатталды. «Қоғамдық мүлікті корга!» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Камкор жобасы бойынша «Тұлектердің ағаш егуі» экочелленджіне бітіруші тұлектер қатысты.

Бірлік және ынтымақ айы бойынша «Біз әртүрліміз, бір теңбіз» тақырыбында сынып сағаты мен Қауіпсіздік сабағы өткізілді. Отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер» апталығы «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» суреттер фотосуреттер көрмесі ұйымдастырылды. Мектепішілік алдын алу іс-шара жоспарына «Қауіпсіз қоғам» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. 1-10 сыныптар арасында «Білімім – Отаныма!» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Бітіруші тұлектерге «Білімім – Отаныма!» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспары бойынша әр апта сайын іс-шаралар өткізілді. Мәртәк ауданы ГБ бастығының орынбасары полиция подполковникі Ж.М.Жалгалбаев және кемелетке толмағандар істер жөніндегі полоция майоры А.Б.Эринбетова мен участекелік полиция кызметкері М.К.Утаралин арнайы мектебіміздің окушыларына нашақорлық, буллинг, құқықбұзушылықтың алдын алу және түнгі рейд, мопед, мотоцикл қауіпсіздік шаралары бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Құқықбұзушылықтың алдын алу максатында түнгі рейд жүргізілді. Рейд барысында бейmezgіl уақытта кемелетке толмағандар анықталған жок.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында мектебімізде атқарылып жатырған іс-шаралар деңгейі он нәтижесін көрсетіп жатыр. Ата-аналар комитеті құрылып, жұмысын жүргізуде. Барлық кластарда ата-аналар комитеті құрылды, ол ата-аналарға таныстырылды. Барлық класс жетекшілер класс жиналыстарында баяндамаларын оқып, сауалнамалар алып отырды.

Осы атқарылған жұмыстардағы жетістіктер мен кемшіліктерді ескере отырып, келесі жылға

### **Ұсыныстар:**

- ❖ Класс жетекшілердің тәрбие үрдісіндегі жаңа әдістермен жұмыс жасауын қамтамасыз ету максатында оларды қайта даярлық курстарына, семинарларға жіберу;
- ❖ Класс окушыларымен жүргізілетін тәрбие жұмысының сапалы деңгейі үшін класс жетекшілердің жеке жауапкершіліктерін арттыру;

❖ Тәрбиелік деңгейін анықтау сауалнамасының қорытындысы мен ұсыныстарына сәйкес, тәрбиелік іс-шараларды өткізудің әдісі мен түрін жетілдіру, тәрбие үрдісінде қазіргі заманғы технологияларды пайдалану;

Мектеп директоры:



Е.К.Тулемесов

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары :  
 М.Д. Каукаева  
 С.Ф. Кенжебаева